

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ
ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО
CIVIL LAW

МРНТИ:10.21.61

10.51889/1810-8636.2023.1.71.005

УДК:747.732.6

Д.Н. Жумашов¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

САҚТАНДЫРУ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Зерттеуде мемлекеттегі сақтандырудың маңыздылығы мен қызметіне, құқықтарына талдау жасаланып өзекті мәселелер талданылады. Мақалада сақтандырудың қоғам мен экономикадағы маңыздылығы көрсетіліп айқындалады, мәселен мемлекеттегі сақтандыру ісі; сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу; сақтандыру нарығы мәселері мен шешімдері жалпыланады. Негізгі мақсат – сақтандыру туралы білімімізді тереңдету және жақсарту. Бұл мақаланың мәні азаматтардың материалдық құндылықтарды жоғалтпауға, сондай-ақ олардың өмірі мен денсаулығын қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар екенін жеткізу. Қазақстандағы әлеуеттік құқықтық қатынастарының бастамасы болып табылатын сақтандыру қызметі, әлі де зерделеу - зерттеу аяға, оның ішінде ішінде экономикалық және құқықтық тұрғыдан қарастыруды әбден қажет ететін өзекті мәселе.

Түйін сөздер: Құқық, сақтандыру, реттелуі, білім, нарық, мемлекет, құндылық.

Жумашов Д.Н. ¹

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая

ВОПРОСЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ СТРАХОВЫХ ПРАВОВЫХ
ОТНОШЕНИЙ

Аннотация

В исследовании анализируются вопросы важности и деятельности, права страхования в государстве. В статье подчеркивается важность страхования в обществе и экономике, например, вопросы и решения страхового дела в государстве; государственного регулирования страховой деятельности; страхового рынка. Основная цель - углубить и улучшить наши знания о страховании. Суть данной статьи заключается в том, что граждане имеют возможность не потерять материальные ценности, а также обеспечить свою жизнь и здоровье. Страховая деятельность, являющаяся началом потенциальных правоотношений в Казахстане, по-прежнему является актуальным вопросом, который необходимо рассматривать в рамках изучения, в том числе с экономической и правовой точек зрения.

Ключевые слова: право, страхование, регулирование, образование, рынок, государство, ценность.

D.N. Zhumashov¹

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University

ISSUES OF STATE REGULATION OF INSURANCE AND LEGAL RELATIONS

Abstract

The study analyzes the issues of importance and activity, the right of insurance in the state. The article emphasizes the importance of insurance in society and the economy, for example, issues and solutions of insurance business in the state; state regulation of insurance activities; insurance market. The main goal is to deepen and improve our knowledge about insurance. The essence of this article is that citizens have the opportunity not to lose material values, as well as to ensure their life and health. Insurance activity, which is the beginning of potential legal relations in Kazakhstan, is still an urgent issue that needs to be considered as part of the study, including from an economic and legal point of view.

Keywords: law, insurance, regulation, education, market, state, value.

Кіріспе

Біздің елімізде жүргізіліп жатқан түбегейлі экономикалық реформаларға келетін болсақ, сақтандыру мәселесіне елеусіз назар аударуға болмайды. Нарықтық экономикасы бар дамыған елдерде сақтандыру экономиканың стратегиялық салаларының бірі болып табылады. Бұл қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді, өйткені иелері олардың мүлкі жойылған немесе бүлінген және кірісі жоғалған жағдайда зиянға кепілдік береді. Азаматтар мүлкітік мүдделерді қорғау үшін жеке және заңды тұлғалармен арнайы сақтандыру шарттары жасалады. Мыңдаған азаматтардың өміріне қауіп төндіретін және үлкен аумақтарды қамтитын жүздеген компаниялардың мүдделеріне нұқсан келтіретін ірі табиғи (жер сілкіністері, су тасқындары т.б.) және жеке жауапкершіліктен туындаған материалдық шығындар пайда болуына байланысты сақтандыру жүйесі арқылы өтемақдан туындаған микроэкономикалық салдарлар пайда болады.

Сақтандыру – ұзақ уақыттан бері жүзеге асырылып келе жатқан, өзіндік бағыт -бағдары бар, айрықша мүддесі бар – тұлғалардың жеке мүліктеріне, жеке басы жайларына байланысты сақтандыру, шығынды жабу, зардап – зиянды қалпына келтіру сипатындығы әрекет болып табылады. Оның мақсаты - азаматтарды, меншікті, өндірістік процестерді әлеуметтік және ұжымдық қорғау, қоғамның үздіксіз ілгері болуы мен құқықтық қатынастардың көбеюін қамтамасыз ету. Сақтандырылған азамат ол өзіндік қажеттілігі мен болашақтағы қауіптің алдын алатын мұқтаждылығы бар адам. Сақтандыру компаниясы – бұл қажеттіліктерді қанағаттандыратын жеке немесе заңды тұлға. Сақтандырушы мен сақтандырушы арасындағы мәміле келісім-шарт деп аталады. Шартта: сақтандыру түрі, материалы, өтелу мерзімі, сомасы, рәсімі және т. б. көрсетіледі. Келісімшартқа сәйкес сақтандырудың түрі мен зардап шеккен тұлғаның материалдық мүлкі немесе тұлғаның өзі айқындалып, тиісті заңнамалар немесе сот арқылы өтемақы беріледі. Қазіргі кезде Қазақстан аумағында өте қарқынды түрде жүзеге асырылып жатқан процестердің бірегейі сақтандыру нарығын түпкілікті қалыптастыру және оның тиісті инфрақұрылымдарын құру болып отыр. Қазақстандағы сақтандыру нарығының даму жағдайының көрсеткіштері еліміздің ұлттық сақтандыруының негізі құрылғанын мәлімдеп, дәлелдеуде, сондай-ақ Қазақстандағы сақтандыру әлеуетті құқықтық қатынастарының бастамасы болып табылатын сақтандыру және оның қызметі, әлі де әрбір өзгерістерден кейін зерттеп айқындау болып табылады, әсерісе экономикалық және құқықтық тұрғыдан қажет ететін өзекті бағытқа айналып отыр. Сондықтан, бірінші кезектегі мақсат – белгілі бір мөлшерде сақтандырудың құқықтық экономикалық табиғатының мән-маңызын, сақтандырудың тұйықталған қатынастарының ерекшеліктерін қарастыру және жете танысып, білу болып табылады. Осыған орай сақтандыруға ерекше назар аудардым.

Сақтандыру ісін дамытудың ұзақ мерзімді мақсаттарына жету үшін осы іс-әрекеттерді жүзеге асыру қажет:

1. Сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру.
2. Сақтандыру қызметінің нормативті-құқықтық базасын жетілдіру.
3. Сақтандыру жүйесінің қаржылық орнықтылығын және беріктілігін қамтамасыз ету.
4. Қазақстандағы және халықаралық сақтандыру нарығының өзара қарым-қатынастарын дамыту.
5. Сақтандыру қызметін көрсету нарығындағы құрылымдық саясатты жүргізу.

Осы сақтандыру нарығындағы құрылымдық саясаттың басты көрінісі сақтандырудың ерікті және міндетті түрлерінің арақатынастарының ұғымдылығын арттыру. Сақтандыру аясындағы ақпараттық-талдау жұмыстарының да жеткілікті деңгейде жүргізілмей отырғанын байқауға болады. Сақтандыру ұйымдарының өздеріне қабылдаған міндеттерін бұлжытпай орындауларын бақылау жөніндегі тиімді мемлекеттік бақылау механизмін құру проблемасы да күн тәртібіндегі өткір мәселе болып табылады. Сондықтан, менің ойымша сақтандыру нарығының қызмет атқаруының нормативтік – құқықтық және әдістемелік базасын жетілдіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру қажет.

Негізгі бөлім

Сақтандыру – қоғамның экономикалық қатынастарының айрықша сферасын бейнелейтін қоғамдық қатынастың бірі. Сақтандыру сферасы адам өмірінің, өндірістік және әлеуметтік - экономикалық қызметінің барлық жағын қамтиды. Сақтандыруға түрткі болатын басты себеп - бұл өндіріс пен адам өмірінің қауіп-қатерлі сипаты. Сондықтан өндіріс процестерін жалғастыру, азаматтың жекелеген сипаттарының өмір тіршілігі мен әл-ауқатын қолдап отыру мақсатында оларды сатып алу үшін қоғамның, жеке өндірушінің, олардың қосалқы қорларын да немесе резервтерін де, сондай-ақ ақша ресурстарын да кіріктіретін қаражаттары болуы тиіс. Мемлекеттегі сақтандыру ісі мен сақтандыру қызметі аясында жүзеге атқарылатын мемлекеттік реттеудің мақсат -міндеттеріне мыналарды жатқызуға болады:

- 1) еліміздің сақтандыру нарығындағы сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары мен басқа да қоғамдардың қаржылық және құқықтық негіздерін нығайту;
- 2) өте тиімді қызмет атқаратын сақтандыру нарығын қалыптастыруды және оны одан әрі дамытуды қамтамасыз ету;
- 3) әртүрлі ұйымдық - құқықтық нысандағы сақтандырушылардың өздеріне тиісті қызметтерін атқаруларына қолайлы жағдай жасау;
- 4) сақтанушылардың әркілі мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- 5) сақтандыру ісі мен сақтанушыларға зиян келтіруі мүмкін жалған сақтандыру компанияларын сақтандыру нарығына жібермеу;
- 6) Қазақстан аумағындағы сақтандыру бизнесіне қатысатын шетелдік капиталдардың мөлшерін, қатысу нысандары мен тәсілдерін және ауқымын айқындау;
- 7) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қызметтеріне түсетін салықтардың салмағын жеңілдетуді қарастыру;
- 8) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының тұрғылықты қызмет атқаруларын заң жүзінде кепілдендіру [1, 37 б.].

Сақтандыруды дамытуға орай бағдарламада мемлекеттің, азаматтардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүддесін қорғаудың нақты құралы бола алатын қазіргі заманғы және тұрақты сақтандыру нарығын қалыптастыру, мемлекеттік әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігі ретінде тиімді сақтандыру жүйесін құру сияқты мақсат көзделген. Сақтандыру нарығы міндетті сақтандыру мен қатар ерікті нысанда жүзеге асады. Қалай болғанда да сақтандыру сақтандыру шартын жасау арқылы реттелінеді. Сақтандыру шарты азаматтық кодекспен реттеледі [2, 803 бап].

Осы мақсатты жүзеге асыруға байланысты уәкілетті мемлекеттік органдарға мына келесідей міндеттер жүктеледі:

- 1) сақтандыру нарығының қазіргі заманғы инфрақұрылымын қалыптастыру және оның қатысушыларының қызметін ұйымдастыру үшін жағдай жасау;
- 2) сақтандыруды қолдану аясын кеңейту және міндетті сақтандыру түрлерін нақтыландыру;
- 3) Халықаралық стандарттарды ескере отырып, сақтандыруды қадағалаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру;
- 4) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігі жөніндегі талаптарды арттыру;
- 5) әлеуметтік қамтамасыз ету түрі ретінде сақтандыру тұрғысынан қорғауды ұсынудың жаңа принциптерін нақтылау.

Қаржы нарығы экономиканың құрамдас бөлігі. Бүгінгі күні ғалымдар экономикамен қатар қаржы нарығын да реформалау қажет деп қарайды [3, 9 б.].

Сақтандыру ісі мен сақтандыру қызметі туралы заңдар мен өзге сақтандыру жөніндегі құжаттарда дәстүрлі, бұрыннан қолданылып келе жатқан мемлекеттік реттеу тәсілдері мен шараларына қоса халықаралық талаптар мен нарықтық экономикаға сай әдістер белгіленген. Ал осы әдістер құқықтық реттеу мен тиімділіктің тепе теңдігі болуын айта кетеді [4, 64 б.].

Бұл жерде бірден мынадай ұсыныс бере кеткен жөн болар деп санаймын: отандық сақтандыру заңдарын жетілдіру және мемлекеттік реттеуді халықаралық сақтандыру реттеуінің стандарттарына сай тиімділендіру үшін бірінші кезекте сақтандырушылардың қаржылық кепілдендірулері бойынша және лицензиялау бойынша бірыңғай қағидалар белгілеу; сақтандыру қадағалауын жүзеге асыратын қадағалау органдарының жауапкершіліктерін нақты айқындау, сақтандыруды бірыңғай жіктеу түрлерін енгізу қажет.

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңында (сақтандыру қайта) сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеудің негізгі шаралары ретінде сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын сақтауды қамтамасыз ету; сақтандыру ұйымдары орындауға міндетті пруденциалдық нормативтерді көне өзге де нормалар мен лимиттерді белгілеу; сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымының мәмілелер жасауына шектеу қою; сақтандыру ұйымының акцияларымен жасалған мәмілелерге бақылау жүргізу және т.б. қарастырылып, бекітілген [5, 21-35 баптар].

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 41–бабының 1-тармағында сақтандыру саласын мемлекеттік реттеудің мынадай негізгі міндеттері көрсетілген:

1. Қазақстан Республикасында тұрақты сақтандыру жүйесін жасау, қолдау және ұлттық сақтандыру нарығының инфрақұрылымын қалыптастыру;
2. Сақтандыру нарығын реттеу және сақтандыру қызметін қадағалау;
3. Сақтандыру негіздерін заңдармен баянды ету, міндетті сақтандыру түрлерін, Қазақстан Республикасының халықаралық сақтандыру жүйесіне қатысу принциптерін белгілеу.

Сақтанушылардың және пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау халықаралық тәжірибені зерделеуді қажет етеді. Бұл нарық әрқашан дамып отырады деп пікір айтады ғалымдар [6, 311-312 бб.].

Заңды тұлғалардың немесе олардың Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан оқшауланған бөлімшелерінің мүліктік мүдделерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жеке тұлғаларының мүліктік мүдделерін сақтандыруды уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы бар сақтандыру компаниясы ғана жүзеге асыра алады. Сақтандыру қызметтерін беруші Шарттың белгіленген талаптары мен нысаны, сақтандырылған мүлікті ұстау жөніндегі шаралар, сондай-ақ жауапты адамнан өндіріп алу құқығы шегінде жазатайым оқиғалардан сақтандыруға сәйкес сақтандыру қызметтерін берушіні хабардар етуге міндетті. Барлық қолда бар құжаттар сақтандыру төлемін алғаннан кейін сақтандырушыға ұсынылуы тиіс. Сақтандыру компаниясы сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін сақтандырушы өзінің сақтандырылған мүлікке құқығынан бас тарту туралы мәлімдей алады және толық сақтандыру сомасын ала алады. Сақтандыру шарты бойынша туындайтын дауларды сот немесе төреші белгіленген рәсімге сәйкес қарайды.

Мемлекеттік реттеу әдісіне пруденциалдық нормативтер мен өзге де міндетті нормалар мен лимиттерді белгілеу де жатады. Сақтандыру немесе қайта сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігі мен қаржылық орнықтылығын қадағалау олардың орындауына және сақталуына міндетті пруденциалдық нормативтер мен лимиттерді белгілеу арқылы жүзеге асырылады. Пруденциалдық нормативтер әдетте төлем қабілеттілігі және қаржы қаржылық орнықтылық нормативтерін қамтиды. зақтандырудың жекелеген шарттары бойынша міндеттемелерінің ең көп көлемі өз капиталы мен сақтандыру резервтері қаражаттары сомасының он процентінен аспауы тиіс екендігін білу қажет [7, 48 б.].

Сақтандыру кезінде сақтық резервтері мен қорларын қалыптастырудың екі негізгі әдісі қолданылады, олар: бюджеттік және сақтық әдістері. Қаржыларды қалыптастырудың бюджеттік әдісі бюджеттердің қаражаттарын, яғни, бүкіл қоғамның қаражаттарын пайдалануды болжайды. Сақтық әдісі қорларды шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың жарналары есебінен жасауды алдын ала қарастырады; жарналардың мөлшері және оларды төлеудің тәртібі сақтандырудың түріне қарай немесе заңмен не сақтық қатынастарының қатысушылары арасындағы арнайы келісімшартпен анықталады. Сақтық қатынастарының бірінші бөлігінде – қоғамдық қорғауда бюджеттік әдіс пайдаланылады, екінші бөлікте – әлеуметтік сақтандыруда – қос әдіс, үшінші бөлікте – мүліктік және жеке басты сақтандыруда тек сақтық әдісі пайдаланылады [8, 561-568].

Сақтандыру бүгінде, нарықтық экономикаға өту жағдайында ете қарқынды дамып жатқан шаруашылық, кәсіпкерлік қызмет саласының біріне жатады. Еліміздің шаруашылық аяларында пайда болған көптеген мемлекеттік емес секторлар тарапынан да сақтандырудың әр түріне деген сұраныстар күшейе түсуде. Оның себебі, сол шаруашылықтардың жеке меншікке негізделуі арқасында, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарға қарағанда, олар өздерін жан-жақты әрі мардымды қамсыздардыру үшін сақтандыру қорғауына әрдайым мұқтаж болады.

Сақтандыру секторын дамытудың маңызды сатысы кепілдік беру институттарының қызметін одан әрі жетілдіру, оны халықаралық практикаға сәйкес келтіру болып табылады. Кепілдікті схемаларды құру мақсаты сақтандыру қызметінің тұтынушылары және сақтандыру нарығының тұрақтылығын сақтау үшін сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату зардаптарын жұмсартуға негізделген. Сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп таратқан жағдайда сақтандырушылардың құқықтары мен мүлікті мүддерлерін қорғауды қамтамасыз ету қолданыстағы сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры акционерлік қоғамының негізгі міндеті болып табылады. Қор міндетті сақтандырудың неғұрлым жаппай түрлері бойынша, атап айтқанда көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру төлеміне кепілдік береді. Қордың және сақтандыру ұйымдарының тікелей өзара байланысын ескере отырып Қорды акцияландыру туралы мәслені қарау қажет. Бұл қордың жұмысын нарық қажеттілігіне бағыттауға, үлкен икемділік пен басқарушылық алуға мүмкіндік береді, бұл Қордың өзінің де, тұтастай алғанда сақтандыру нарығының да елеулі дамуына әкеп соқтырады. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесін одан әрі кеңейту мақсатында сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне сақтандырудың басқа міндетті түрлерін, сондай-ақ өмірді сақтандыруды кезең-кезеңмен енгізуге бағытталған шараларды қабылдау қажет, өйткені осы сәтте оның барлығынан да артық жоғары әлеуметтік мәнге ие болуына байланысты осындай кепілдіктерге мұқтаж. Кепілдік беру резерві сомасының сақталуы мен көбеюін қамтамасыз ету үшін оларды инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін кеңейту қажет [9, 26].

Сақтандыру ұйымдарының қызметі айқын еместікке негізделетіндігін назарға ала отырып, сақтандыру ұйымдары оның ағымдағы және алда күтілетін қаржы жағдайын қозғауы мүмкін барлық міндеттемелер спектрін ескеру қажет. Осыған байланысты, бүгінгі күні сақтандыру ұйымдарының тәуекелдерін басқару жүйесі тиісті корпоративтік саясат пен рәсімдерді дамытуды, тәуекелдерді өлшеудің сандық әдістерін пайдалануды, олардың тәуекелдеріне сәйкес өнімдер мен қызметтерді бағалауды, тәуекелдердің шектерін белгілеуді, ырықтандыру және

хеджерлеу арқылы тәуекелдерді басқаруды, шығындарды жабу үшін қауіпсіздік жастығын құруды (міндеттемелер мен капитал тарапынан) қамтиды. Қалай болғанда да сақтандыру мен қатар басқа да мемлекеттік қаржылық қатынастардың мемлекеттік бақылауында болатынын, е онсыз реттеу мүмкін еместігін және бақылау туралы ғалымдар пікір білдіреді. [10, 63-64 бб.].

Кеңестік билік жағдайында Қазақстанда орын алған мемлекеттік сақтандыру жүйесі өзінің кемеліне келіп тұрған шағында да қазіргі кезеңдегідей өте көп және әр алуан тәуекелдерді сақтандыру ісімен байланыспаған болатын. Өйткені, ол кезде жеке меншікке негізделген кәсіпкерлік қызметтер жүзеге асырылмайтын, яғни жоқ болатын және сақтандыру ісі толығымен мемлекет құзырында болғандықтан, оның әр түрлі бағыттарын дамытып, кеңейтудің аса қажеттілігі болмаған еді. Сондықтан, бұрыннан және жаңадан құрылып қызметтерін атқарушы мемлекеттік және мемлекеттік емес сақтандыру ұйымдары мен қайта сақтандыру компанияларына көптеген сақтандыру түрлерін қайтадан жандандыруға тура келіп отыр.

Бұл тақырыптың өзектілігі тұрғындардың материалдық құндылықтарын жоғалтпауға, сондай-ақ олардың өмірі мен денсаулығын сақтандыруға мүмкіндігі бар. Сақтандырушылар саны жылдан жылға артып келеді. Полис ұстаушы-белгілі бір қажеттіліктері бар адам.

Сақтандырушы – бұл қажеттіліктерді қанағаттандыратын жеке немесе заңды тұлға.

Сақтандырушы мен сақтандырушы арасындағы келісім - шарт деп аталады.

Шартта мыналар айқындалады: сақтандыру түрі, объект, төлем мерзімі, сомасы, тәртібі және т.б.

Сақтық нарығы - бұл сатып алу-сату объектісі «арнайы тауар» болып табылатын ақша қатынастарының саласы - сұраныс пен ұсыныс қалыптасатын сақтық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тросткая С.С. *Страховое право Учебное пособие.* – Москва. РГУП, 2017 – 264 с.
2. «Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі» (Ерекіше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы №409 /<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> (тапсырыс 06.03.2023 ж.).
3. Найманбаев С.С. *Финансовое право: Учебник (Общая и Особенная части).* – Астана: Данекер, 2005. – 450 с.
4. Худяков А.И. *Страховое право Республики Казахстан: Учебник.* – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 320 с.
5. «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18-желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы №126 /<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000126> (тапсырыс 06.03.2023 ж.).
6. Жуйриков К.К. *Страхование: теория, практика, зарубежный опыт: Учебник.* – Алматы. Изд. Экономика, 2015. – 408 с.
7. Сербиновский Б.Ю., Гарькуша В.Н. *Страховое дело.* – Ростов на Дону, 2010. – 387 с.
8. Құлпыбасов С., Мельников В.Д. *Қаржы негіздері: Оқулық.* – Алматы ЖШС «Издательство ЛЕМ», 2009. – 722 бет.
9. Баяхметов Т. «Қазақстандағы сақтандырудың маңызы мен болашақта дамыту тенденциялары». – Алматы, *Қаржы-қаражат*, №2, 2008 ж. – 24-28 б.
10. Аскарова А. *Финансовое право Республики Казахстан: Уч. пособие.* – Костанай: КГУ имени Байтұрсынова, 2017. – 80 с.